

Мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпарат және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы N 1357 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 251 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.11 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
Z 1 0 0 2 9 1 қ а р а ң ы з

Мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпарат және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалану тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 7 қарашадағы
N 1357 қаулысымен
Бекітілген

Мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпарат және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалану тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже үшін - Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыратын барлық заңды және жеке тұлғалар үшін - орындауға міндетті болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен.

2. Жер қойнауының геологиялық құрылысы, ондағы пайдалы қазбалар, кен

орындарының геологиялық параметрлері, қорлардың ауқымы, игеру шарттары, сондай-ақ геологиялық есептердегі, карталардағы және өзге де материалдардағы Жер қойнауының кез келген ерекшеліктері туралы ақпарат, егер ол республиканың бюджет қаржысы есебінен алынса, мемлекеттік меншікте болады және егер ол Жер қойнауын пайдаланушының өз қаражаты есебінен алынса, Жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен .

3. Жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпарат қаржыландыру көзіне қарамастан міндетті түрде белгіленген стандарт бойынша сақтауға, жүйелеуге және қорытуға жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға өтеусіз беріледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен .

4. Келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде бүкіл геологиялық ақпарат мемлекет меншігіне көшеді. Жер қойнауын пайдаланушы барлық құжаттар мен геологиялық ақпараттың өзге де материалдық тасымалдаушыларын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) өтеусіз беруге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен .

5. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі ақпарат жекешелендіруге жатпайды .

6. Осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген ақпаратты қоспағанда, жер қойнауы туралы ақпаратты жинаудың және сақтаудың тәртібін Қазақстан Республикасында жер қойнауы туралы ақпаратты сақтаушы болып табылатын уәкілетті орган белгілейді.

7. Жер қойнауы туралы мемлекеттік және коммерциялық құпиясы бар ақпаратты жинаудың, сақтаудың және берудің тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес айқындалады.

Бұл Ереже жер қойнауы туралы мемлекеттік құпиясы бар ақпаратқа қолданылмайды .

8. Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған және ол осы Ереженің 3-тармағына сәйкес уәкілетті органға берген ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдаланудың тәртібі ақпаратты меншіктенуші мен уәкілетті орган арасындағы келісімде айқындалады.

Сондай-ақ бүкіл геологиялық ақпараттың немесе оның бір бөлігінің құпиялылық мерзімі, сондай-ақ Келісім-шарттың қолданылуы кезеңінде

геологиялық ақпаратты Жер қойнауын пайдаланушының меншігінен Қазақстан Республикасының меншігіне беру мүмкіндігі мен оның шарттары да осы келісімде айқындалады. < * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен .

Жер қойнауы туралы ақпараттың түрлері мен деңгейлері

9. Жер қойнауы туралы ақпараттың негізгі екі түрі бар: бастапқы және екінші.

Жер қойнауы туралы бастапқы ақпаратқа:

бұрғылау ұңғымаларының бағанасы, мұнай, су, газ сынамалары, тас материалдардың үлгілері, әртүрлі мақсаттағы коллекциялар, шлифтар және т.б. арқылы білдірілген табиғи таратушылардағы ақпарат (заттай ақпарат);

далалық байқау журналдары және басқа құжаттамалар, оның ішінде сынап көру журналдарымен, сынамаларды саралау нәтижелері, геофизикалық байқау жазбалары және т.б. арқылы білдірілген жасанды таратушылардағы (қағаз, магнит таспасы және т.б.) ақпарат жатады.

Жер қойнауы туралы екінші ақпаратқа бірінші ақпаратты өңдеу, мағынасын ашу, талдау және қорыту нәтижесінде алынған ақпарат жатады.

10. Жер қойнауын пайдаланушыларға берілетін жер қойнауы туралы барлық ақпарат өзінің көлемі мен тағайындалған мақсатына қарай үш деңгейге бөлінеді:

бірінші деңгейдегі жер қойнауы туралы ақпарат - жалпы геологиялық сипаттаманы, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді қамтыған ғылыми, коммерциялық және басқа да мақсаттарда пайдалануға арналған жалпы (таныстыру) ақпарат (проспектілер);

екінші деңгейдегі жер қойнауы туралы ақпарат (конкурстық пакеттер) - конкурстық ұсыныс (бизнес-жоспар) дайындауға арналған алдын-ала геологиялық ақпарат;

үшінші деңгейдегі жер қойнауы туралы ақпарат - жер қойнауын пайдалану құқығын алған жер қойнауын пайдаланушыға арналған контрактілік аумақ бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакеті.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен.

Жер қойнауы туралы ақпаратты пайдалануға беру шарттары

11. Жер қойнауы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қазақстандық және шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға, сондай-ақ басқа да тұлғаларға оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалануға берілуі мүмкін.

12. Жер қойнауы туралы ақпарат (бастапқы да, екінші де) пайдалануға

толығымен немесе ішінара:

оның мазмұнымен қысқаша танысу (алып қою және көшірмесін алу құқығынсыз);

ақпарат көшірмесін беру;
екінші данасы болған кезде табиғи таратушылардағы ақпаратты ұсыну арқылы берілуі мүмкін.

13. Екінші даналары жоқ тас материалдар, коллекциялар, сынамалар және т.с.с. пайдалануға берілмейді. Бұл Ақпараттың Тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

14. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі ақпарат заңды және жеке тұлғалардың пайдалануына;

жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурса қатысушыларға - конкурстық пакет түрінде;

жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстың жеңімпазына - жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстың шарттарында айтылған жер қойнауы учаскесі бойынша - келісім-шарт аумағы бойынша толық пакет түрінде;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік геологиялық зерделеуге немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге уәкілетті органмен контракт жасағандарға;

өзге тұлғаларға - осы Ережемен көзделген шарттар бойынша уәкілетті органның шешімімен беріледі.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен.

15. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі ақпарат тұрақты немесе уақытша пайдалануға берілуі мүмкін. Жер қойнауы туралы ақпарат уақытша пайдалануға тек әкімшілік акт және/немесе уәкілетті органмен жасалған контракт негізінде мемлекет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерделеу жүргізіп отырған ұйымдарға ғана беріледі. Барлық басқа жағдайларда жер қойнауы туралы ақпарат тұрақты пайдалануға беріледі.

16. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі ақпаратты пайдалануға беру қайтарымды (сату) және қайтарусыз негізде жүзеге асырылады.

Қайтарусыз негізде жер қойнауы туралы ақпарат: бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуді орындайтын ұйымдарға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасасу және орындау жөніндегі құзыретті органы;

осы тармақта көрсетілген жағдайларда жер қойнауы туралы ақпарат қайтарымды негізде беріледі, ал оны сатудан түскен кіріс республикалық

б ю д ж е т к е

е с е п т е л е д і .

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді және 4 абзацы алынып тасталды -
ҚРҮ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен.

17. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі ақпарат пайдалануға оны үшінші тұлғаларға беру, сылау және қайталап сату құқығынсыз беріледі.

18. Жер қойнауы туралы ақпаратты өз бетінше меншіктенген (уәкілетті органды айнала өтіп), жасырып қалған және бүлдірген жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

Жер қойнауы туралы ақпаратты берудің және оның құнын белгілеу тәртібі

19. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі бірінші деңгейдегі ақпаратты берудің тәртібі мен құнын (ол қайтарымды негізде берілген жағдайда) уәкілетті орган белгілейді.

20. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі екінші деңгейдегі ақпаратты (конкурстық пакеттерді) берудің шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережесіне сәйкес конкурстық комиссия белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.04. N 779 қаулысымен.

21. Жер қойнауы туралы мемлекет меншігіндегі үшінші деңгейдегі ақпараттың (толық пакеттің) бағасын уәкілетті орган белгілейді.

22. Иесі жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын жер қойнауы туралы ақпарат оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалануға контракті күшінде болған кезде уәкілетті органмен келісе отырып беріледі.

Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған және уәкілетті органға берілген жер қойнауы туралы ақпаратты пайдалану басқа тұлғаларға ақпарат берудің тәртібі мен оның құпиялылық мерзімі көзделген уәкілетті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

23. Жер қойнауы туралы ақпараттың пайдалануға берілген фактісін және оны мақсатқа сай пайдалану шарттарын растайтын құжат шарт болып табылады.